

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түзеу мекемелерін күзету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 1231 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түзеу мекемелерін күзету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түзеу мекемелерін күзету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 20, 257-құжат; N 24, 336-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 155 - құжат; N 15, 107 - құжат):

1) 2-баптың бірінші бөлігінің үшінші абзацында "түзеу мекемелерін" деген сөздердің алдынан "әйелдерді ұстауға арналған түзеу мекемелерін, тәрбие колонияларын, тергеу изоляторлары мен түрмелерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 21 - бапта:

екінші абзацтағы "түзеу мекемелерін" деген сөздердің алдынан "әйелдерді ұстауға арналған түзеу мекемелерін, тәрбие колонияларын, тергеу изоляторлары мен түрмелерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац "қамауға алынған адамдарды" деген сөздерден кейін "

қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларынан және одан кері әкелу," деген сөздер мен толықтырылсын;

2. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 2, 14, 18-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; 2007 ж., N 18, 143-құжат):

1) 20-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын, әйелдерді ұстауға арналған түзеу мекемелерін, тәрбие колонияларын, тергеу изоляторлары мен түрмелерді күзету, олардағы шұғыл жағдайды бақылау, қызметкерлердің, сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетпен алып жүру;" ;

2) 34-баптың 2-тармағындағы "қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*